

Сарыбастау орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі



Қазақ тілі  
Ашық сабақ  
“Көп мағыналы сөздер”  
3- сынып



Сынып жетекшісі: З.Ш.Дюсюпжанова



# Қазақ тілі. 3-сынып

## Көп мағыналы сөздер

### Мақсаты:

Көп мағыналы сөздерді, олардың мағыналарын, қарама-қарсы мағыналы сөздердер айырмашылығын түсіндіру  
Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын ояту, әдеби тілде көркем сөйлеуге тәрбиелеу

### Міндеттері:

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту, пән бойынша алған білімдерін жүйелі түрде қолдана білуге дағдыландыру

### Күтілетін нәтиже:

Байланыстырып сөйлеуге дағдыланады.  
Танымдық қабілеті артады.  
Сөздердің мағыналарын ажырата біледі.

# I. Ұйымдастыру кезеңі



**Амандасу сәті:**  
Ақ көңілді жүрекпен  
Ақ ниетті тілекпен  
Амандасып алайық  
Қонақтарға ізетпен

- **Психологиялық сәт:**  
Жарқырап күн де ашылды,  
Айналаға нұр шашылды.  
Мақсатымыз - білім алу,  
Міндетіміз - еңбектену  
Еңбектену арқылы  
“5 “- ке қолды жеткізу!



- **II. Топқа бөлу (жемістер)**  
Топқа жеміс тарату арқылы бөлінеді.



## II. Үй тапсырмасын тексеру:

- Қайталау –оқу анасы
- Қарама-қарсы мағыналы сөздер деген не?
- Мақал -мәтелдер айту. Қарама-қарсы мағыналы сөздерді табу



## IV. Жаңа сабақ



Енді балалар, айтыңдаршы, дыбысталуы бірдей, мағыналары әртүрлі сөздерді қалай түсінесіңдер?

### Жаңа сабақ құпиясы.

Олай болса, балалар мына сөздердің мағынасына назар аударайық.

*Тарақтың тісі, адамның тісі  
көлдің жағасы.*


*Көйлектің жағасы,*

### Өзіндік жұмыс:

1- жаттығу. Сөйлемдерді көшіріп жазып, дыбысталуы бірдей сөздердің астын сызу.

# Топпен жұмыс:

- **I- топ.** 2- жаттығу. Суретте бейнеленген заттардың атауымен бірдей дыбысталатын, бірақ мағынасы басқа сөздерді табу
- **II-топ.** 3- жаттығу. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазу.
- **III-топ.** 4-жаттығу. Нақыл сөздерді оқу. Қарамен жаздылған сөздердің басқа мағыналарын айту.  
Нақыл сөздердің мағынасын түсіндіру.



# IV. Сабақты бекіту.

## Тапқыр болсаң, тауып көр.



Көп мағыналы сөздердің ішінен алғашқы мағынасын табу.

- а) Сөздің басы, жолдың басы, адамның басы, таудың басы, жұмыстың басы.
- б) Кітаптың беті, адамның беті, судың беті, жер беті.
- в) Сағат тілі, кітап тілі, орыс тілі, техника тілі, адам тілі.

# V.Сергіту сәті:


Жаздық, жаздық өзіміз,  
Талды әбден көзіміз.  
Әуенімен әндердің  
Әдемі қимыл жасаймыз.





## VI. Кім көп біледі?

- Көп мағыналы сөздердің қатарын жалғастыру.
- 1. Адамның аяғы,...
- 2. Домбыраның құлағы,...
- 3. Жараның ауызы,...
- 4. Пышақтың жүзі,...



# Кесте толтыру:

Қарама -қарсы сөздер:	Көп мағыналы сөздер:



# VII. Сабақты қорыту.

## ● Ой толғау.

Көп мағыналы сөздердің тілдегі рөлі қандай деп ойлайсындар?

Өз пікірлерінді жазындар.

## Сауатты болу-мақсатым.

Құрамында көп мағыналы сөздері бар мақал-мәтелдерді жазу.

Кісінің кілті-аспанда.

Көңіл көзін сөз ашар.

Қыз- өмірдің гүлі.



# VIII. Үйге тапсырма беру

- Көп мағыналы сөздер тауып жазып келу.
- 5-жаттығу.



## Бағалау

Топ басшысы әр баланың себетіндегі жемістерді санау арқылы бағалады.

## Кері байланыс

Тілек ағашына сабақтан алған өз көңіл- күйілерін білдіретін смайликтер жабыстырды